

5. Bidaibekov E.Y. Bilimdi akparattandyru zhane okytu maseleri: /Authorlar uzghymy: E.Y. Bidaibekov, V.V. Grinshkun, G.B. Kamalova, D.N. Isabaeva, B.G.. Bostanov/ Okulyk. – Almaty, 2018. – 352b.
6. Zhunisbek. Kazirgi zamangy pedagogicalyк technology negizi – sapaly bilim. – //Kazakhstan mektebi, No.4, 2008.
7. Beisenova G. Zhana akparattyk technologiyalardyn tiimdiligi. –//Kazakhstan mektebi No. 6, 2006.
8. Nurgalieva G.K. Computer alemi. – “Ult tagylymy” republikalyk gylymy-pedagogikalyk magazines. – №2, 2012
9. Gracheva, A.P. Training of computer science teachers to health-saving measures for schoolchildren when using educational resources on the Internet / A.P. Gracheva // Bulletin of the Peoples’ Friendship University of Russia. Moscow: RUDN, 2018. No. 1 (3). pp. 49-53. Ser. “Informatization of education”.
10. Gracheva, A.P. Formation of an adequate attitude to information as a health-saving factor for schoolchildren when teaching computer science / A.P. Gracheva // Bulletin of MSPU. M.: MSPU, 2018. No. 2 (7). pp. 48-52. Ser. “Informatization of education”.
11. Aida, S., Ainur, Z., Ardak, A., Madina, A., Perizat, K. & Gulnara, R. (2022). Formation of professional competencies of a future foreign language teacher in the field of distance education. World Journal on Educational Technology. 14(1), 268-281. <https://doi.org/10.18844/wjet.v14i1.6724>
12. Ainagul, R., Kalipa, A., Aida, N., Ardak, A. & Mentay, S., (2022). Training of future psychologists on suicide prevention among adolescents based on work with parents. Cypriot Journal of Educational Science. 17(6), 2167-2180. <https://doi.org/10.18844/cjes.v17i6.7555>
13. Mentsiev A.U., Yunaeva S.M. Advantages and disadvantages of digital technology in healthcare system // Medical Institute Bulletin. 2019. Vol. 16. No. 2. Pp. 122-124.
14. problems of informatization and education: /team of authors: E. Y. Bidaibekov, V. V. Grinshkun, G. B. Kamalova, D. N. Isabaeva, B. G. Bostanov/ textbook. - Almaty, 2019 -- 352 P.
15. Orlov O.I., Perevedentsev O.V., Mamonova E.Y., Levanov V.M. An integrated automated method for analyzing occupational health and medical provision under the extreme conditions of industrial activity // Human Physiology. 2018. Vol. 44. No. 7. Pp. 819-823.
16. Atreja A., Francis S., Kurra S., Kabra R. Digital Medicine and Evolution of Remote Patient Monitoring in Cardiac Electrophysiology: A State-of-the-Art Perspective // Current Treatment Options in Cardiovascular Medicine. 2019. Vol. 21. No.12. P.92. Doi: 10.1007/s11936-019-0787-3.
17. Panyukova S.V. Information and communication technologies in personality-oriented learning. // Moscow: IOSO RAO, 2018, – 225c.

FTAMP 14.25:09

10.51889/2077-6861.2023.1.30.018

Д.Д. БАЙДАЛИЕВ*, Л.М. САХИЕВА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

(Алматы қ., Қазақстан)

Baidaliev-d@mail.ru, sakhieva.leyla@mail.ru*

ОҚУ ҮРДІСІНДЕ БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ДАМУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақала еліміздегі кәсіби даярлау жүйесіндегі болашақ педагогтарды бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселелеріне негізделіп, тұжырымдалған.

Қазіргі таңда барлық жоғары оқу орындарының алдында тұрған негізгі мақсат, жаһандану үдерістеріне сай келетін, бәсекеге қабілетті, әлеуметтік - экономикалық даму заңдылықтарына сай келетін мамандарды даярлау кезек күттірмес мәселелердің қатарында. Жаһандану дәуіріндегі бәсекелестік мәселесі жалпы экономика, индустрия, әлеуметтік және тағы басқа салаларымен бірге білім беру мен ғылымды дамыту

саласын да айналып өте алмайды. Сондықтан мемлекет қойып отырған жаңартылған білім беру жағдайында оқу ісін тиімді ұйымдастыру, әдістемелік тұрғыдан аса бай мәліметтерге арқа сүйеу, жана ақпараттық технологияларды жүйелілікпен пайдалану, дамыған елдердің озық тәжірибелерін кеңінен қолданумен ерекшеленіп отыр. Осы орайда мақалада қазіргі таңдағы болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың алғышарттары мен негізгі аспектілері жан-жақты тұжырымдалған. Сондай-ақ болашақ педагогтарды даярлау жүйесінде тек кәсіби құзіреттіліктерді игертіп қана қоймай, нарықтық жағдайға байланысты бәсекелестік жағдайына қажетті негізгі әдістемелік ұстанымдар, теориялық білімдері мен біліктерін, жүзеге асырудағы ерекшеліктері негізделген.

Түйін сөздер: жоғары оқу орындары; оқу үрдісі; бәсекеге қабілеттілік; болашақ педагогтар; жаһандану; кәсіби білім; ғылым.

Д.Д. БАЙДАЛИЕВ, Л.М. САХИЕВА,*

*Казахский национальный педагогический университет им.Абая
(Алматы, Казахстан)*

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Аннотация

Статья сформулирована на основе проблем развития конкурентоспособности будущих педагогов в системе профессиональной подготовки в стране.

В настоящее время основной задачей, стоящей перед всеми высшими учебными заведениями, является подготовка специалистов, отвечающих процессам глобализации, конкурентоспособных, отвечающих законам социально-экономического развития. Проблема конкуренции в эпоху глобализации не может обойти сферу развития образования и науки, наряду с общеэкономической, производственной, социальной и другими сферами. Поэтому в состоянии модернизированного образования его отличает эффективная организация образования, опора на методологически богатую информацию, систематическое использование новых информационных технологий, широкое использование передового опыта развитых стран. В связи с этим в статье комплексно сформулированы предпосылки и основные аспекты развития конкурентоспособности будущих педагогов. Также в системе подготовки будущих педагогов осуществляется не только освоение профессиональных компетенций, но и базируются на особенностях реализации основные методические принципы, теоретические знания и умения, необходимые в условиях конкуренции в условиях рыночной конъюнктуры.

Ключевые слова: высшие учебные заведения; образовательный процесс; конкурентоспособность; будущие учителя; глобализация; профессиональное образование; наука.

D.D.BAIDALIYEV, L.SAKHIYEVA*

*¹Abai Kazakh National Pedagogical University
(Almaty, Kazakhstan)*

FEATURES OF THE DEVELOPMENT OF COMPETITIVENESS OF FUTURE TEACHERS IN THE LEARNING PROCESS

Abstract

The article is formulated on the basis of the problems of developing the competitiveness of future teachers in the system of professional training in the country.

At present, the main task facing all higher educational institutions is the training of specialists who meet the processes of globalization, who are competitive, and who comply with the laws of socio-economic development. The problem of competition in the era of globalization cannot bypass the sphere of development of education

and science, along with general economic, industrial, social and other spheres. Therefore, in the state of modernized education, it is distinguished by an effective organization of education, reliance on methodologically rich information, the systematic use of new information technologies, and the widespread use of advanced experience in developed countries. In this regard, the prerequisites and main aspects of the development of the competitiveness of future teachers are comprehensively formulated in the article. Also, in the system of training future teachers, not only the development of professional competencies is carried out, but also the basic methodological principles, theoretical knowledge and skills necessary in a competitive market environment are based on the implementation features.

Keywords: higher educational institutions; educational process; competitiveness; future teachers; globalization; professional education; science.

Кіріспе. ХХІ ғасырда әлем елдері нарықтық экономикалық заңдылықтарына сәйкес даму жолына түсіп, жаһандану үдерістерінің көшіне ілескен сайын, түрлі мемлекеттер арасында кикілжіндер мен шиеленістер орын алуына байланысты әлеуметтік-экономикалық басқару жүйесін қайта жаңғыртуды, жаңа заманға сай бәсекеге қабілетті қоғамды қалыптастырудағы жаңа ұстанымдарды жүзеге асыруды өзекті мәселелер қатарына қойып отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін дамудың жаңа әрі бірегей бағытын таңдап, демократияландыру мен бейбітшілікті сақтау жолында, көптеген дамыған елдерге үлгі бола білді. Қазіргі мемлекетіміздің басқару жүйесінде ұстанып отырған Жаңа Қазақстанды құру жолындағы жас ұрпаққа саналы да салиқалы білім беру, жаһандық бәсекелестік дәуіріндегі нарықтық экономика мен қоғамдық заңдылықтарға сай тәрбие беру мәселесі бұрынғыдан да өзекті бола түсті. Күнделікті өмірімізде өзіміз байқап отырғанымыздай ХХІ ғасырдағы әлемдік дамыған елдердің әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштері мен ықпал ету салдарлары бәсекеге қабілеттілігімен өлшеніп, мойындалып отыр [1].

Өткен жылдың қазан айында Қазақстан Республикасының Президенті, Қ.К.Тоқаев, еліміздегі алдағы жылдары табандылықпен жүзеге асырылуы тиіс ұлттық жобалар тізімдемесін бекіткен болатын. Осының негізінде он жобаның ішінде маңыздылығына орай «Білімді ұлт» деген атпен заманауи білім беру мәселесі жолға қойылды. Бұл жобаның аясында жасөспірімдер мен жеткіншектердің

интеллектуалдық білімдерін арттыру, қазақ тілінің әлеуетін көтеру, балалардың бейімділігіне сай қосымша білім беру орталықтарын жандандыру, қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық технологияларды жүзеге асыру, жоғары оқу орындарында халықаралық жаһандық даму критерилеріне сай ұлттық имиджді қалыптастыру, бәсекеге қабілеттілікті дамытумен бірге «Академиялық артықшылық орталықтары» жобасын қолға алу көзделді. Осының негізінде алдағы үш жылда жиырма орталық салу, жұмысын үйлестіру мәселесі күн тәртібінде тұр [2].

Сонымен жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселесі нақты жүзеге асырылатын әдістемелік жұмыстармен әлемдік озық тәжірибелерге сүйенумен, жаңа ақпараттық технологияларды бірізділікпен әрі жүйелі қолданумен ерекшеленеді.

Негізгі бөлім. Қазіргі кездегі жаһандық бәсекелестік мәселесі еліміздің әлімдік даму көрсеткіштерінің факторы саналатын экономика мен индустрия, өнеркәсіп пен әлеуметтік жағдайларға ғана емес білім беру мен ағарту саласына да жаңа талаптар қойып отыр.

Соңғы уақыттарда жүзеге асырылып отырған мемлекеттік бағдарламалар мен ел басшысының Жолдаулары мен үкімдерінде, қайта құру реформаларында, Жаңа Қазақстанды құру жоспарларында әлемдік даму заңдылықтарына сай бәсекеге қабілетті оқу-ағарту жұмыстарын жолға қою, білім беруді дамыту мәселесі өзектілігін жоймақ емес. Жалпы жоғары

оқу орындарында болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда білімі мен біліктерін, іскерлік әлеуетін арттыру, құзыреттіліктерін дамыту аясындағы жаңа технологияларды пайдалану мәселесіне байланысты еңбектер көптеп саналады. Осы орайда қазіргі мемлекетіміздің білім және ғылым саласына қойып отырған талаптарына байланысты нарықтық экономика дәуірінде болашақ педагогтарды жаһандық үдерістерге сай бәсекеге қабілеттіліктерін дамытуда оқу-әдістемелік жұмыстардың тиімділігін ғылыми негіздеу, ұтымдылығын дәлелдеу қазіргі жоғары мектеп педагогикасында өзектілікке ие әрі кезек күттірмес мәселе.

Әдіснамалық негіздері мен әдістері. Соңғы жылдары болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың өзектілігі мен оның моделін жасаудағы түрлі педагогикалық ұсынымдар қарқынды даму үстінде екендігін жоққа шығара алмаймыз. Осы орайда болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудағы негізгі озық тәжірибелерді басшылыққа алып, ұтымдылығын тәжірибе жүзінде дәлдеу, оқу-тәрбие үрдісіне жаңаша серпін беру аса маңызды.

Зерттеу жұмысының барысында анықтағанымыздай бәсекеге қабілеттілік ұғымына түрлі әдебиеттер мен ғылыми еңбектерде әр түрлі анықтама берілген.

Соның ішінде ғылыми тұрғыдан бәсекелестік дегеніміз кең ауқымды әрі біріңғай аспектілік ұғымды білдіреді. Бәсекелестіктің құрамына жүйелер мен үдерістерді, теория мен практиканы жатқызу арқылы сипатталады. «Бәсекелестік» латын тіліндегі «concurrentia» – «тап келу», «бетпестік», «қарсы» ө деген ұғымдарымен өзара мәнделі келеді. Сондай-ақ бәсеке - белгілі бір қажеттіліктердегі, құндылықтарды игерудегі жеке адамдар мен топтардың арасындағы күрестің түрі – деп анықтаймыз. Жалпы бәсеке кез-келген салаға тән құбылыс [3, 42-б.].

Елімізде жарық көрген Ұлттық энциклопедияда: «Бәсеке», «Бәсекелестік» белгілі бір қызметтік сала бойынша жоғары көрсеткіштерді бағындыру мен қол жеткізудегі күрес іс-әрекеті – ретінде тұжырымдалған. [4, 228-б.].

Көршілес Ресейде жарық көрген экономика саласы бойынша анықтамалықта бәсекелестікті экономикалық тұрғыдан тұжырымдай келе, тауар шығарушылар арасындағы сапалы өндіріс пен тауарды өткізудегі біртұтас жүйенің, пайданы арттыру жолындағы күресі екендігін көрсетеді [5, 81-б.].

Бәсекелестік ұғымына биологиялық энциклопедиялықта, тіршілік жолындағы өсімдіктер мен бауырымен жорғалаушылар, құс-жәндіктер, жан-жануарлардың арасында болатын күрестерді жатқызады [6, 57-б.].

Соңғы жылдары жарыққа шыққан психологиялық анықтамалықтар мен сөздіктер жинағында бәсекелестікті адамның өсе келе пайда болатын құбылысы ретінде сипаттай отырып, тұлғааралық немесе топтық мақсатты іс-әрекеттегі ішкі күрес түрі екендігін тұжырымдай келе, оның жағымды және жағымсыз жақтарына талдаулар жасалынған [7, 243-б.].

Ал біздің тақырыбымызға сай келетін педагогикалық анықтамалықта, бәсекелестікті оқу үрдісіндегі бәсекелестікті ұжым қызметкерлерінің арасындағы бәсекелестік және білім алушылар арасындағы бәсекелестік деп бөліп қарастырады. Мұғалімдер арасындағы бәсекелестік өз ісі, пәні, білімі мен іскерлігі сияқты көрсеткіштер арқылы әріптестерінен үстем болуға ұмтылысы ретінде сипатталады. Ал, білім алушылар арасындағы бәсекелестік оқу үлгерімінен, мәліметтерді қабылдауынан сонымен бірге шығармашылығы мен интелектісінен байқалатын құбылыс түрінде көрсетілген. Педагогикалық сөздікте оқушылар арасында бәсекелестікті күшейту жағымды үрдіс ретінде сипаттағанымен оны кикілжің жағдайына дейін жеткізбеу мұғалімнің кәсіби шеберлігінің нәтижесінде іске асатындығы тұжырымдалған [8, 178-б.].

Жалпы педагогика және психология тарихына көз жүгіртетін болсақ, әр жылдары жеке тұлғадағы бәсекелестік мәселелерінің кейбір тұстарын В.И.Андреев, О.Н.Филатов, Т.М. Бочарова, Д.В. Чернилевский және тағы басқа ғалымдар қарастырған.

Тәуелсіздік алғаннан кейін бәсекеге қабілеттілік, мәселелері әсіресе экономика, бизнес және есеп, аудит салаларына байланыс-

ты біршама еңбектер жарық көрген болатын. Соның ішінде еліміздегі экономика саласы бойынша соңғы бесжылдықта А.М. Расулова [9], Р.С. Жүсіпов [10], Г.Е. Жунисова [11], және т.б. бәсекеге қабілеттілікті арттыру мәселесіне байланысты ғылыми жұмыстары жарық көрген.

Зерттеу тақырыбына сай құндылығы жоғары еңбектердің ішінде Б.Б.Атабекова әлеуметтік серіктестік жағдайында болашақ мұғалімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселесін ғылыми тұрғыда зерттеген болатын. Автор қазіргі таңдағы бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау ісін - қоғамдық әрекетпен байланыстыра көрсетеді. Осы орайда болашақ мұғалімдердің бәсекеге қабілеттілігін дамыту ең алдымен жоғары оқу орындарындағы оқу-тәрбие үрдісінен бастап, барлық мемлекеттік қоғамдық ұйымдар мен біліктілікті арттыру институттарының алдындағы басты мақсаттардың бірі болуы керектігін жазады [12, 14-б.].

Б.Б.Атабекова «Бәсеке» - ұғымына теориялық тұрғыдан терең талдаулар бере отырып, оны жалпы адамдар мен тірі ағзалар арасындағы күрес, тартыс, бақталастық ретінде сипаттайды [12, 30-б.]. Автордың ең алдымен бәсекеге қабілеттілік жеке адамда жоғары құндылық пен айқын сапаның көрсеткіші бола алады деген тұжырымын қолдауға тұрарлық. Олай дейтін себебіміз тұлға үнемі даму үстінде болатындықтан ол алдына мақсат қоюдағы нақтылығы сөз жоқ, құндылық бағдарының жиынтығы бола алады. Осы тұлғадағы маңызды сапаның негізінде еңбексүйгіштік, іс-әрекетке жауапкершілікпен қарау оны шығармашылықпен жүзеге асыру сияқты қабілеттерімен бірге осы жолда туындаған мәселелерді тиімді шеше білу, көшбасшылыққа ұмтылу, қарым - қатынастағы жүйелілік және тағы басқа жоғары сапалылары дамиды [12, 31-б.].

2017 жылы елімізде қабылданған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты стратегиялық мақалада, бәсекеге қабілет ұғымын белгілі бір ұлттың немесе аумақтың жаһандағы сұраныстарға сәйкес келетін сапасы жағынан басқалардан ерекше дүниені ұсына білуімен байланыстырады. Ал бұл тек материалдық дүние ғана емес, білім,

білік, қызмет пен зияткерлік сапамен де ерекшеленетінін көрсетті. Осы мақаланың негізінде «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» аясында ғалымдар Д.Гэмбл, М.Питереф, А.Томпсонның «Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмтылу» атты еңбегі жарыққа шыққан. Аталмыш еңбекте бәсекелестікке қабілеттілікті дамыту үшін арнайы модель мен стратегияның болуы қажет екендігін тұжырымдай келе, «бәсекелік стратегия дегеніміз ұтымды әрі пайдалы бәсекелесу барысында менеджменттің ойын, жоспарының ерекшеліктерін және нарықта бәсекелестері арасынанан бәсекелік артықшылыққа жетуі – деп сипаттаған [13, 117-б.]. Сөз жоқ аталмыш пікір болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуда маңызды ұстаным бола алады.

Жоғарыдағы ғалымдардың берген анықтамалары мен ұстанымдарын саралай келе, біздің көзқарасымыз бойынша болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігі деп – олардың кәсіби мәнді қасиеті мен дүниетанымы, білім алудағы және оны тәжірибе жүзінде қолданудағы құзыреттілігі деген анықтаманы береміз. Бұл құзыреттілік деңгейі педагогикалық үрдісті жүзеге асырудағы сапалық құндылықтарымен байланысты.

Нәтижелер. Қазіргі жаһандық даму үдерістеріне сәйкес біздің елімізде сан ғасырлық тарихы бар зайырлы ұлттық білім беру жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін сақтай отырып, дүниежүзіндегі дамыған мемлекеттердің озық педагогикалық іс - тәжірибелері мен ұстанымдарын басты назарға алып, күн өткен сайын қарыштап дамып отырған жаңа инновациялық технологиялар мен ақпараттандыруды қолжетімді ету жолында қолда бар мүмкіндіктердің барлығын пайдалануда. Өйткені біздің болашағымыздың бастауы бүгінгі балабақшадағы бүлдіршіндер, жалпы білім беретін орта мектептердегі жеткіншектер мен жасөспірімдер, жоғары оқу орындарындағы болашақ кадрлар арқылы жүзеге асады.

Кейбір ғалымдар айтып жүрген болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту тек ХХІ ғасырдың басты мәселесі емес, еліміз

тәуелсіздік алғаннан кейін - ақ жолға қойыла бастаған болатын. Сол уақыттардың өзінде Вена сонымен бірге Будапешт қалаларында өткен Еуропаның іргелі мемлекеттерінің зиялылары мен танымал ғалымдары қатысқан форумында еліміз маңдайалды елдердің қатарында Болон процесі және Лиссабон халықаралық ынтымақтастығына мүше болды. Сонымен бірге 1997 жылдары жоспарланған «Қазақстан-2030», 2012 жылғы «Қазақстан-2050» стратегиялық Жолдауларында бәсекеге қабілетті қоғамды қалыптастыру мәселесіне терең тоқталған болатын.

2020 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев еліміздегі жастар кадрлық резерв өкілдерімен өткізген жиынында, бүгінгі әлмдік дағдарыстар кең етек алған тұста еліміздің патриот жастары, белсенді тұлғалардың әлеуметтік-саяси жағдайларға белесене араласуы аса қажет екенін алға тарта отырып, жоғары оқу орындарында болашақ мамандардың цифрлық Қазақстанды дамытудағы кәсіби әлеуетіне қойылатын талаптардың зор екенін алға тартты [14].

Осы орайда Ұ.М. Әбдіғаббарова мен Н.Б.Жиенбаева өздерінің үздік іс-тәжірибелерімен бөлісе келе, қазіргі жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігінің көрсеткіші ретінде цифрлық ортаны кеңінен дамыту мәселесіне терең талдаулар берген. Авторлар өз еңбектерінде цифрлық оқытудың құрылымдық элементтері мен оның біртұтас моделін жасаған. Сонымен бірге болашақ педагогтардың цифрлық білімдері мен біліктерін арттырудың әдістемесін, осы жүйеде меңгеруі тиіс құзыреттілік талаптарын ғылыми негіздеген [15, 39-б.].

Жасыратыны жоқ, жер бетіндегі дамыған әрі дамушы мемлекеттерінің өзіндік ішкі және сыртқы саясатын нарықтық үдерістерге қадам басуына сай, менеджмент арасында құзыреттілік пен кәсіби шеберліктің жаңа сатысы бәсекеге қабілеттілік мәселесі кеңінен таралған болатын. Осы орайда болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту мәселесі туралы

теориялық мәселелер бір сәтке де толастаған емес.

Жоғарыда аталған «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегиялық мақаласында, бәсекеге қабілеттіліктің алдағы уақыттағы жүзеге асырылуы тиіс ерекшеліктерінің ішінде компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін игеру кезек күттірмес мәселе екендігін тұжырымдаған.

Осы орайда А.Ж.Канаева, Н.К. Умекова, М.Б. Төкен, Г.К. Токкулинова сынды ғалымдар қазіргі қарқынды дамып отырған қоғамымызда орын алып отырған жаһандану үдерістері болашақ педагогтарға белсенділік, кәсіби бейімділік, өзіндік білімі мен білігін жетілдірумен қатар шетел тілдерін меңгеру бәсекелестіктің негізгі ерекшеліктері екендігін тұжырымдап берді [16, 179-б.].

Шет ел ғалымдары Hyunwoo Yang, Minseok Yang, Lena Batt, Xin Xie, Eunji You, Peter Goff қазіргі еңбек нарығы жағдайында болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін даярлауда өз бағдарламаларын жаңа әдіс-тәсілдер арқылы тұжырымдаған [17].

Педагогика және психология ғылым саласы бойынша біршама ғалымдар болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесінде жаңа әлеуметтік-экономикалық, мәдени даму заңдылықтарына сәйкес білім, білік, іскерлік дағдылардан бөлек психологиялық маңызды сапалары мен қасиеттері болуы керектігін жоққа шығармайды.

Талдау. Қазіргі нарықтық экономика талаптарымен бірге жаһандану үдерісі қарқын алған тұста жоғары оқу орындарындағы кәсіби даярлау жүйесінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру барысында өзіндік ерекшеліктері мен әсер ететін маңызды факторлардың қатарына ең алдымен сапалы білімді жатқызамыз. Өйткені қай қоғамда болмасын әлеуметтік-экономикалық әлеуетімізді арттырудың бастапқы сатысы осы сапалы білім беру мәселесімен ұштасады.

Болашақ педагогтардың оқу үрдісіндегі шығармашылығы, өзіндік белсенділігі, ізденімпаздығы, білімге құштарлығы өз ортасында беделге ие болуымен бірге, көшбасшылық қабілеттерін арттыра тү-

седі. Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың екінші бір маңызды бағыты оларды қоғамдық жұмыстар мен волонтерлық қызметтерге тарту, өзін-өзі басқару ұйымдары мен ғылыми танымдық үйірмелерге қатыстыру, кәсіподақ жұмыстарына белсене араластыру сияқты іс-әрекеттер олардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыра түседі. Ал оқу үрдісінде оқытушы жаңа инновациялық технологияларды түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалануы шарт.

Осы орайда тек жоғары оқу орындарындағы болашақ педагогтарды даярлау жүйесінде ғана емес, арнаулы және кәсіби білім беру орындары, ғылыми зерттеу орталықтары мен институттар білімгерлерді көптеп тарту арқылы практикалық жұмыстарды мейлінше жандандыру қажет. Соның ішінде бұл іс-шаралардың барлығы олардың мамандықтарымен байланысты болуы шарт. Болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамытудың келесі бір ерекшелігі отандық және әлімдік іргелі оқу орындарымен академиялық ұтқырлықты, тәжірибе алмасуды көптеп қолға алуы тиіс.

Қазіргі жағдайларға сай, жаһандану үдерістерін негізге ала отырып, заманауи, тиміді академиялық ортаны қалыптастыру, болашақ педагогтардың ғылыми әлеуеті мен құзыреттіліктерін арттыруда жоғары оқу орындарына дамыған елдерден халықаралық танымал ғалымдар мен ірі өнертабыс иелерімен кездесу, пікір алмасу тәжірибелерін зерттеу жұмыстарына енгізу өзектілігін жоймақ емес.

Дегенмен бұл мәселе қазіргі таңда Мемлекет басшысының «Білімді ұлт» жобасының аясында шешімін тауып отыр. Биылғы жылдың өзінде халықаралық білім беру бағдарламалары мен академиялық тәжірибе алмасуды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарының үлесі отыз пайыздан асып отыр.

Зерттеу нәтижелерін талдау аясында негізгі айтылуы тиіс мәселелердің бірі осу уақтықа дейін жарық көрген еңбектерде тұлғаның кәсіби іс-әрекетке даярлығы оны жүзеге асырушының іс-әрекеті тұрғысынан сипатталады. Сондай-ақ бұл

жердегі іс-әрекет, даярлық жөніндегі негізгі тұжырымдамаларға орай, болашақ педагогтар тек арнайы құзыреттіліктерді иегерумен шектеліп қалмай, жаһандану үдерісі талаптарына сай, еркін бәсекеге түсе алатын, алған білім, біліктерін қоғамдық ортада тиміді әрі шығармашылықпен жүзеге асыратындай болуды міндеттейді.

Қорытынды. Қазіргі кезде бәсекеге қабілетті маман күнделікті ортада және кәсіби іс-әрекетте өзін-өзі анықтаудағы қабілеті келеді. Олар ең алдымен кәсіби іс-әрекетке жауапкершілікпен қараудан бөлек, оны жүзеге асыруда аса шеберлікпен орындайды. Оның бойында менмендіктен гөрі адамгершілік ұстанымдары биік. Олар осындай маңызды қадір-қасиетке ие болғандықтан, өзін білемдікке салынбайды. Бірақ қажет деп тапқан жағдаяттарда жауапкершілікті өз мойнына алуға бейім [12, 48-б.].

Ғалым В.И. Андреев өз еңбегінде бәсекеге қабілеттіліктің критерилері мен модельдік жүйесін құрастырған. Жеке адамдағы бәсекеге қабілеттілікті жүйе құраушы және жеке тұлғалық қасиеттер деп екі топқа бөледі. Оларды біртұтас дамушы жүйе ретінде төмендегідей ерекшеліктерін сипаттаған:

1. Мақсат қою мен оны жүзеге асырудағы тұлғаның табандылығы;
2. Еңбексүйгіштік пен өз әрекетіне жауапкершілік, істі шеберлікпен орындауы;
3. Тұлғаның маңызды құндылық бағдарларының айқындығы;
4. Тәуекел етудегі табандылық пен қайсарлық;
5. Үнемі әрі үздіксіз өзін-өзі дамытуға ұмтылысы;
6. Ұжымда, топта, белгілі бір ортада оңтайлы шешім қабылдау және көшбасшылық қабілеті;
7. Білім мен ғылымға деген ұмтылысы, жоғары сапаға талпынысы – деп сипаттаған [18, 85-б.].

Білім беру үрдісінде болашақ педагогтардың сапалық құндылықтарын дамыту жолдарына теориялық талдаулар жасай отырып, В.И. Андреев жоғары оқу орындарындағы оқытушы менгеруі назарға алуы

кажет кәсіби қызметтің 3 маңызды аспектісі ретінде төмендегілерді көрсетіп берген. Олар:

– кәсіби білім беру мазмұнын бәсекелестік заңдылықтарымен ұштастыру;

– жаңа инновациялық технологиялар мен ақпараттық білім беруде болашақ педагогтардың сапалық әлеуетін дамыту;

– кәсіби білім беруде әлемнің озық іс-тәжірибелерімен таныстыру мақсатында, халықаралық байланыстардың қолжетімділігін қамтамасыз ету;

Сонымен, болашақ педагогтарды кәсіби даярлау жүйесі ұзақ даму жолынан өтті. Жаңа Қазақстанды құру жолында педагог кадрлардың білімділік, біліктілік, іскерлік деңгейлеріне зор талап қойып отыр. XXI ғасырдағы орын алып отырған жаңа жағдайлар мен талаптарға бейімделу, бәсекеге қабілеттілікке ұмтылыс - дамудың басты қағидалары болып қала бермек. Елімізді дамыған елдер қатарына қосу, білім беру жүйесін дамыту, бәсекелестік мәселелері алдағы уақыттары да өзектілігін жоймайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

[1] Жаңа ахуал білім және ғылым жүйесін түбегейлі реформалауды талап етеді //Egemen Qazaqstan. 2020, - 14 желтоқсан. [Электрондық ресурс]: URL: //https://egemen.kz/article/236910-zhanha-akhual-bilim-dgane-ghylum-dguyesin-tubegeyli-reformalau-dy-talap-etedi (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[2] Тоқаев Қ.К. Ұлттық жобалар халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталуы тиіс. 2021, - 1 шілде. [Электрондық ресурс]: URL://https://www.ult.kz/post/tokaev-ulttyk-zhobalar-khalykty-n-al-aukatyn-arttyrug-a-bagyt-taluy-tiis// (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[3] Архипова Л.С., Архипова А.М., Гагарина Г.Ю. Конкуренция как основа экономики: концептуальные подходы к исследованию роли конкуренции. - М.: Инфра-М, 2019. - 108с.

[4] Қазақстан: Ұлттық энциклопедия //Бас редактор Нысанбаев Ә. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2018. - 719б.

[5] Конова В.А. Словарь-компаньон для тех, кто изучает экономику. -Красноярск: СФУ, 2019. - 290б.

[6] Садовниченко Ю.А., Пастухова Н.Л. Биология. - М.;ЭКСМО, - 2019. - 416с.

[7] Лейбин В.М. Психианализ (словарь-справочник). III-изд. М.: Когито-Центр, 2020. - 820 с.

[8] Загвязинский В.И., Закирова А.Ф., Строкова Т.А. Педагогический словарь. -М.: Академия, 2018. - 450 с.

[9] Расулова А.М. Импорт алмастыру жағдайында кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың экономикалықмеханизмі(АлматыжәнеАлматыоблысысарымайөндірушікәсіпорындарыныңмысалында) 6D050600 – Экономика философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. - Алматы, 2020. - 174б. [Электрондық ресурс]: URL: https://ru.calameo.com/read/0060597792afded9757b8 (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[10] Жусупов Р.С. Интеграциялық үдерістердің тереңдеуі жағдайында Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығының бәсекеге қабілеттілігін арттыру 6D050600 – «Экономика» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. - Алматы, 2019. - 167б. [Электрондық ресурс]: https://www.enu.kz/downloads/noyabr/zhusupov-r-s-annotatsiya.pdf (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[11] Жунисова Г.Е. Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде 6D050800 – Есеп және аудит Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. - Алматы, 2021. - 128б. [Электрондық ресурс]: URL: https://www.kaznu.kz/content/files/pages (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[12] Атабекова Б.Б. Әлеуметтік серіктестік негізінде болашақ педагогтардың бәсекеге қабілеттілігін дамыту 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. - Алматы, 2020. - 167б. [Электрондық ресурс]: URL: https://kaznu.kz/docs/1234567.pdf (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[13] Гэмбл Д., Питереф М., Томпсон А. Стратегиялық менеджмент негіздері: бәсекелік артықшылыққа ұмтылу. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. - 536 б.

[14] Президенттік жастар кадрлық резерві жасақталды // Egemen Qazaqstan. 2019. - 26 желтоқсан. [Электрондық ресурс]: URL: // <https://egemen.kz/article/216543-prezidenttik-dgastar-kadrlyq-rezervi-dgasaqtaldy> (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[15] Әбдіғапбарова Ұ.М., Жиенбаева Н.Б. Цифрлық ортада студенттерге бағытталған оқыту негізінде болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығы // Педагогика және психология 2021. - №2 (47). - 39-46 бб. [Электрондық ресурс]: URL: // <file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/48-106-PB.pdf> (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[16] Канаева А.Ж., Умекова Н.К., Төкен М.Б., Токкулинова Г.К. Қазақстандық жоғары оқу орындарында шетел тілін оқытудың құзыреттілік тәсілдерінің рөлі. // Педагогика және психология 2021. - №3 (48). - 179-187 бб. [Электрондық ресурс]: URL: // [file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/59-115-PB%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/59-115-PB%20(1).pdf) (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[17] Hyunwoo Yang., Minseok Yang., Lena Batt., Xin Xie., Eunji You., Peter Goff. A new evaluation approach for teacher preparation programs using labor market competitiveness of teacher applicants. [Электрондық ресурс]: URL: // Teaching and Teacher Education. Volume 104, August 2021, 103368. journal homepage: <https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X21000925> (өтінім берілген күн: 05.10.2022).

[18] Андреев В.Н. Педагогика творческого саморазвития (Инновационный курс) - Казань: Казанской университет, 2018. - 567с.

References:

[1] Zhana ahual bilim zhane gylym zhyjesin tybegejli reformalaudy talap etedi // Egemen Qazaqstan. 2020, - 14 zheltoksan. [Elektronдық resurs]: URL: // <https://egemen.kz/article/236910-zhanha-akhual-bilim-dgane-gylym-dguyesin-tubegeyli-reformalaudy-talap-etedi> (otinin berilgen kyn: 05.10.2022).

[2] Tokaev K.K. Ulattyk zhobalar halyktyн al-aukatyn arttyruga bagyttaluy tiis. 2021, - 1 shilde. [Elektronдық resurs]: URL: // <https://www.ult.kz/post/tokaev-ulttyk-zhobalar-khalyktyн-al-aukatyn-arttyruga-bagyttaluy-tiis/> (otinin berilgen kyn: 05.10.2022).

[3] Arhipova L.S., Arhipova A.M., Gagarina G.YU. Konkurenciya kak osnova ekonomiki: konceptual'nye podhody k issledovaniyu roli konkurencii. - M.: Infra-M, 2019. - 108s.

[4] Kazakstan: Ulattyk enciklopediya // Bas redaktor Nysanbaev A. - Almaty: Kazak enciklopediyasy, 2018. - 719b.

[5] Konova V.A. Slovar'-kompan'on dlya tekh, kto izuchaet ekonomiku. - Krasnoyarsk: SFU, 2019. - 290b.

[6] Sadovnichenko YU.A., Pastuhova N.L. Biologiya. - M.: EKSMO, - 2019. - 416s.

[7] Lejbın V.M. Psikhoanaliz (slovar'-spravochnik). III-izd. M.: Kogito-Centr, 2020. - 820 s.

[8] Zagvyazinskij V.I., Zakirova A.F., Strokova T.A. Pedagogicheskij slovar'. -M.: Akademiya, 2018. - 450 s.

[9] Rasulova A.M. Import almastyru zhagdajynda kasiporynnyn basekege kabilettiligin arttyrudyn ekonomikalyk mekhanizmi (Almaty zhane Almaty oblysy sary maj ondirushi kasiporyndarynyn mysalynda) 6D050600 – Ekonomika filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertaciya. - Almaty, 2020. - 174b. [Elektronдық resurs]: URL: <https://ru.calameo.com/read/0060597792afded9757b8> (otinin berilgen kyn: 05.10.2022).

[10] Zhusupov R.S. Integraciya lyk yderisterdin terendeui zhagdajynda Kazakstan Respublikasy auly sharyashylygynyn basekege kabilettiligin arttyru 6D050600 – «Ekonomika» mamandygy bojnsha filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertaciya. - Almaty, 2019. - 167b. [Elektronдық resurs]: <https://www.enu.kz/downloads/noyabr/zhusupov-r-s-annotatsiya.pdf> (otinin berilgen kyn: 05.10.2022).

[11] Zhunisova G.E. Strategiya lyk baskaru esebi men taldau Ujymnyn basekege kabilettiligin arttyru kuraly retinde 6D050800 – Esep zhane audit Filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertaciya. - Almaty, 2021. - 128b. [Elektronдық resurs]: URL: <https://www.kaznu.kz/content/files/pages> (otinin berilgen kyn: 05.10.2022).

[12] Atabekova B.B. Aleumettik seriktestik negizinde bolashak pedagogtardyn basekege kabilettiligin damyту 6D010300 - Pedagogika zhane psihologiya mamandygy bojnsha filosofiya doktory (PhD) darezhesin alu yshin dajyndalghan dissertaciya. - Almaty, 2020. - 167b. [Elektronдық resurs]: URL: <https://kaznpu.kz/docs/1234567.pdf> (otinin berilgen kyn: 05.10.2022).

[13] Gembl D., Piteref M., Tompson A. Strategiyalyk menedzhment negizderi: basekelik artykshylykka Umtylu. – Almaty: «Ulttyk audarma byurosy» kogamdyk kory, 2019. - 536 b.

[14] Prezidenttik zhastar kadrlyk rezervi zhasaktaldy // Egemen Qazaqstan. 2019. - 26 zheltoksan. [Elektronдық resurs]: URL: //https://egemen.kz/article/216543-prezidenttik-dgastar-kadrlyq-rezervi-dgasaqaldy (otinin berilgen kын: 05.10.2022).

[15] Abdigapbarova U.M., Zhienbaeva N.B. Cifirlyk ortada studentterge bagyttalghan okytu negizinde bolashak mugalimnin kasibi dajyndygy // Pedagogika zhane psihologiya 2021. - №2 (47). - 39-46 bb. [Elektronдық resurs]: URL: //file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/48-106-PB.pdf (otinin berilgen kын: 05.10.2022).

[16] Kanaeva A.ZH., Umekova N.K., Token M.B., Tokkulina G.K. Kazakstandyk zhogary oku oryndarynda shetel tilin okytudyn kuzyrettilik tasilderinin roli. // Pedagogika zhane psihologiya 2021. - №3 (48). - 179-187 bb. [Elektronдық resurs]: URL: //file:///C:/Users/%D0%90%D0%B4%D0%BC%D0%B8%D0%BD/Downloads/59-115-PB%20(1).pdf (otinin berilgen kын: 05.10.2022).

[17] Hyunwoo Yang., Minseok Yang., Lena Batt., Xin Xie., Eunji You., Peter Goff. A new evaluation approach for teacher preparation programs using labor market competitiveness of teacher applicants. [Elektronдық resurs]: URL: // Teaching and Teacher Education. Volume 104, August 2021, 103368. journal homepage: https://www.sciencedirect.com/science/article/abs/pii/S0742051X21000925 (otinin berilgen kын: 05.10.2022).

[18] Andreev V.N. Pedagogika tvorcheskogo samorazvitiya (Innovacionnyj kurs) - Kazan?: Kazanskoj universitet, 2018. - 567s.

МРНТИ 142909

10.51889/2077-6861.2023.1.30.030

Г.А. АБАЕВА*¹, Г.С. ОРАЗАЕВА², Л.Н. ЛИХОДЕДОВА³

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая;

²Казахский национальный женский педагогический университет;

³Костанайский региональный университет имени Байтурсынова
abaeva70@bk.ru, gulzhan69g@gmail.com, lihodedova@mail.ru

СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ ПОДГОТОВКИ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Аннотация

В статье представлен сравнительный анализ подготовки специальных педагогов в нашей стране и зарубежом на примере Казахстана, Германии, Финляндии, Нидерландов и Швеции. Дан обзор тенденций и перспектив подготовки педагогических кадров к работе в условиях инклюзии. По результатам собственного исследования уточнены и сгруппированы запросы педагогов, реализующих инклюзивную образовательную практику. Причем запросы различны для двух групп педагогов: специальных педагогов и учителей общеобразовательной школы.

Результаты исследования могут быть использованы для актуализации образовательных программ педагогических специальностей.

Ключевые слова: инклюзивное образование, инклюзивная образовательная среда, специальный педагог, дети с особыми образовательными потребностями, подготовка педагогов, исследование.

В данной статье используются следующие сокращения: ООП – особые образовательные потребности; ННПЦ РСИО – Национальный научно-практический центр развития специального и инклюзивного образования; РАС – расстройства аутистического спектра.

Данная статья подготовлена в рамках программно-целевого финансирования Комитета науки МНУВО по теме BR18574162